bilimger.kz

Республикалық білім және ғылым порталы
https://bilimger.kz
*ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі тіркелген — Куәлік нөмірі:*
***KZ45VPY00102718***

2020

**БӨЛІМ: БАСТАУЫШ СЫНЫП**

# Спорт денсаулық кепілі

| ЖАРИЯЛАНДЫ | СІЛТЕМЕ |
|---|---|
| 12.05.2020 | https://bilimger.kz/73890/ |

| | | |
|---|---|---|
| **Ұзақ мерзімді жоспар бөлімі:**<br><br>**Пәні: Дүниетану**<br>**Күні: 20.11.2019**<br>**Сынып:3** | | **Мектеп:** «Тайпақ мектеп-гимназиясы» КММ<br>Ақжайық ауданы<br>**Мұғалімнің аты-жөні**:<br>Бектурганова А.Х |
| **Сабақтың тақырыбы:** Спорт-денсаулық кепілі | | **Қатысқандар саны:** 16<br>**Қатыспағандар саны:** |
| Сабақ негізделген оқу мақсаттары | 3.1.4.2 спорт түрлерін топтастыру, спорттың қандай да бір түрімен айналысу үшін қажетті негізгі және өзінің бойындағы қабілеттерін анықтау. | |
| Сабақ мақсаттары: | **Барлық оқушылар:**<br>• адамдар не үшін спортпен айналысатынын түсіндіреді;<br>• қыстық және жаздық спорт түрлерін ажырата алады.<br>**Көптеген оқушылар:**<br>• қандайда бірспорт түрімен айналысуға қажетті негізгі қабілеттерді және өзінің бойындағы қабілеттерді анықтайды;<br>• тақырыпты талқылайды, пікірлерімен бөліседі.<br>**Кейбір оқушылар:**<br>• белгілі бір спорт түрін таңдағанына қатысты өзінің пікірін дәлелдейді;<br>өзінің мектебіндегі (ауылындағы, қаласындағы) спорт секциялары туралы ақпарат жинайды | |
| Бағалау критерийі | • Қазақстанның спорттағы жетістіктеріне мысал келтіреді;<br>• Спортты түрлеріне қарай топтастырады: қысқы және жазғы; ақыл ойды дамытатын жаттығулар<br>Спорттың өзіне қолайлы түрін таңдап, негіздейді. | |
| Құндылық<br>тарды дарыту: | **Салауатты өмір салтын сақтану** өзіне қолайлы спорт түрін таңдап шұғылдануға қадам жасау арқылы көрінеді.<br>**Патриотизмді** дамыту елімізді әлемге танытқан спортшылар үшін мақтану сезімін тудыру арқылы жүзеге асады. | |
| Тілдік мақсаттар: | Жаңа тақырып аясындағы керекті тілдік қорлары дамиды.<br>Пәнге тән лексика мен терминология: спорт-спорт-sport | |
| Пәнаралық байланыс | дүниетану, көркем еңбек, дене тәрбиесі, әдебиеттік оқу, математика: уақыт өлшем бірліктері (минут/секунд) пәндерімен байланыс орнайды. | |
| АКТ қолдану дағдылары: | интербелсенді тақта | |
| Алдыңғы білім: | Спорт туралы қарапайым түсініктер | |
| Сабақ барысы | | |
| Сабақтың жоспарланған кезеңдері | Сабақта жоспарланған іс-әрекеттер: | Ресурстар |
| Сабақтың басы<br><br>2м<br><br>5м | **Психологиялық ахуал қалыптастыру**<br>Шаттық шеңбері<br>Күн көзіндей күлімдеп,<br>Көңілді болып жүрейік.<br>Казіргі болар сабаққа<br>Жүректен ақ жол тілейік<br>Балалар алақан жылуымызды беріп, бір-бірімізге жылы тілек,жақсы ой айтайық<br>**Жедел жауап.** «Сұрақ шеңбері» ойыны арқылы өткен материалдарды еске түсіру, тақырып бойынша бастапқы білімін анықтау.<br>*1. Ататек дегеніміз не?*<br>*2.Шежіре дегеніміз не?*<br>*3.Тектілік дегеніміз не?*<br>*4.Жеті атасын кім айтады?*<br>*5.Біздің жеті атамыз қай ұлт?*<br>*6.Біздің қазақ халхы қандай халық?*<br>*-Демек біз қазақ халқы өте қонақжай халықпыз.*<br>*Осы қонақжай халық ретінде сыныбымызға қонақтар келіп отыр,сонымен қатар әлем чемпионатының күміс жүлдегері,ауыл тұрғыны Болатбек Райымкулов Бауыржанұлы қонақ ретінде сұхбаттасуға шақырып отырмыз*<br>*Сұхбат*<br>*1.Спорттық ойынға қатысуды неше жасыңыздан бастадыңыз?*<br>*2.Спорттың осы түрін таңдауға не себеп болды?*<br>*3.Осы уақытқа дейін жеткен жетістіктеріңіз бар ма?*<br>*Талдауға арналған сұрақтар:*<br>*Бүгінгі келген қонақтарымыз ауылымыздың, облысымыздың, қазақ елінің намысын қорғап жүрген спортшыларымыз.*<br>*— Ал енді еліміздің намысын қорғап жүрген қандай Қазақстандық спортшыларды білесіңдер?*<br>*— Олар қандай спорт түрлерімен айналысады?*<br>*— Спорттың адам денсаулығына қандай пайдасы бар?*<br>**Денсаулықты нығайтады, көрікті сымбат сыйлайды, тыныс алу жолдарының жұмысын жақсартады, төзімділікке үйретеді, иілгіштікті дамытады**<br>**.**<br>**Сабақтың тақырыбын ашу**<br>***Спорт-денсаулық кепілі***<br><br>**Сабақ мақсатын анықтау(ұжымда)** | ширату<br><br>Қазақстан спортшыларының фотопрезентациясы |

© 2026 Bilimger.kz Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық құқықтар қорғалған. 

<table>
<tr>
<td>Сабақтың ортасы<br><br>7минут<br><br>5м<br><br>2 мин<br><br>3 мин<br><br>7 мин</td>
<td>1. **«Спорт түрлері» тапсырмасы (топта)**<br><br>— Оқушылар үш топқа бөлінеді.<br>**Топқа бөлу.** Қима суреттер арқылы топқа бөлу<br>**1.** Жазғы спорттық ойындар<br>**2.** Қысқы спорттық ойындар<br>Әрбір топқа бір спорт түрі бейнеленген суреттер таратылады.<br>*Сұрақтарға жауап алу:*<br>*— Суреттегі спорт түрін атаңыз.*<br>*— Берілген суреттер жылдың қай мезгілінде ойналады?*<br>*— Қысқы және жазғы спорт түрлері арасындағы айырмашылық қандай?*<br>**3-топ**. Ақыл-ойды дамытатын ойындар «Тоғызқұмалақ» ойынын желімдеп, түсінік беру<br><br><table><tr><td>ҚЫСҚЫ спорт түрлері</td><td>ЖАЗҒЫ спорт түрлері</td></tr><tr><td></td><td></td></tr></table><br>***Бағалау критерийлері:***<br>Түрін ажыратады,біледі<br>**«Ойлан, жұптас, талқыла» әдісі**<br>**Сурет құрастыру** арқылы ұлттық спорттық ойындарды айтып, түсінік беру.<br>«Теңге алу», «Бәйге», «Көкпар»<br>• Оқушылар спорт түрлерін саралай келе, олимпиадалық ойындар мен ұлттық ойындардың ерекшеліктеріне тоқталады. Ұлттық ойындарды атайды.<br>***Бағалау критерийлері***:<br>*• Ұлттық спорт түріне қарай ажыратады;*<br>*• Әңгіме құрастырады;*<br><br>**Сергіту сәті**<br><br>**А. Қалаубаева «Спорт» әні**<br><br>**ҰЖ«Сәйкестігін анықта»**<br><br>1. **«Менің туған ауылымның чемпиондары» Ауылымыздың тұрғыны, Корея елінде өткен Әлем чемпионатының қола жүлдегері Раймкулов Болатбек Бауыржанұлына сөз берілді.Сөз сөйлей отырып, балаларға ауылымыздың Қазақстанға спорт саласында қосқан жетістіктері бар, қандай жүлдегер спортшыларымыз туралы білетіндері жайында сұрақтар қойды.**<br>Оқушыларға ауылымыздың спортшыларының олимпиада ойындарындағы жетісіктері туралы бейнерепортажды көрсету ұсынылады.<br><br>***Бағалау критерийлері***:<br>1.Жерлес спортшыларды атайды;<br>2.Жетістіктерін біледі;</td>
<td>Топқа бөлу<br><br>«Қысқы спорт түрлері» бейнеролик<br><br>Медаль арқылы бағалау<br><br>Бейнеролик<br><br>Медаль арқылы бағалау<br><br>Ұлттық спорт ойындары бейнеролик<br><br>Интербелсен-<br>ді тақта<br><br>Парақша,<br>қарындаш<br><br>Бейнеролик<br><br>Медальмен бағалау</td>
</tr>
<tr>
<td>5 мин<br><br>2 мин</td>
<td>**Шығармашылық жұмыс**<br><br>**1-топ Сурет бойынша әңгіме құрастыру**<br>**2-топ Сурет салу**<br>**3- топ Спорт туралы өлең құрастыру**<br>***Бағалау критерийлері***:<br>1.Мәтін құрастырады<br>2. Сурет салады<br>3. Өлең құрастыра алады.<br>**Пантомимо:**<br>қимыл қозғалыс арқылы қандай да бір спорт түрін көрсетеді. Қалған оқушылар табады</td>
<td>А4 парақша, кір кыстырғыш бояулар<br><br>Медаль арқылы бағалау</td>
</tr>
<tr>
<td>2 мин<br>Сабақтың соңы<br><br>Кері байланыс</td>
<td>**Спорт, денсаулық туралы мақал-мәтелдер айту.**<br><br>**Рефлексия**<br>Оқушылар алған медальдарын санайды. Ең көп медаль санына байланысты орындар беріледі.<br>**1- орын, 2-орын,3-орын**<br>**Үйге тапсырма:**<br>30,31 бет оқу<br>**Қосымша материал:** Мектептегі дене тәрбиесінен беретін ұстаздардың жетістіктерін жинақтау</td>
<td></td>
</tr>
</table>

<table>
<tr>
<td>**Саралау – оқушыларға көбірек қолдау көрсетуді қалай жоспарлайсыз? Қабілеті жоғары оқушыларға тапсырмалар қоюды жоспарлап отырсыз?**<br>.</td>
<td>**Бағалау-оқушылардың материалды меңгеру деңгейін тексеру жоспарыңыз?**<br>Сабақ барысында мадақтау сөздер айту арқылы бағалау.<br>Кері байланыс беру арқылы бағалау.<br>— оқушыларға әр түрлі сұрақтар беру арқылы ой қозғау жүргізу;<br>-өз бетімен іздену дағдыларын дамыту барысындағы іс- әрекеттерін бақылау;<br>-топпен жұмыс барысындағы іс әрекеттерін бақылау.<br>Комментарий беру арқылы бағалауға да болады.</td>
<td>**Денсаулық және қауіпсіздік техникасы-ның сақталуы**<br><br>Сергіту сәті, интербелсенді тақта</td>
</tr>
<tr>
<td>**Сабақ бойынша рефлексия**<br>Сабақ мақсаттары / оқу мақсаттары дұрыс қойылған ба? Оқушылардың барлығы ОМ қол жеткізді ме? Жеткізбесе, неліктен?<br>Сабақта дифференциация дұрыс жүргізілді ме? Сабақтың уақыттық кезеңдері сақталды ма? Сабақ жоспарынан қандай ауытқулар болды, неліктен?</td>
<td colspan="2">Осы сабағымда алған оқу мақсатымен сабақ мақсаты толығымен жүзеге асты. Сабаққа оқушыларым аса қызығушылықпен қатысты, өйткені жоспарланған уақытымды дұрыс пайдалана отырып, оларға тапсырмалар бердім, әрі көптеген жұмыс түрлері оқушы үшін қызықты болды деп есептеймін.</td>
</tr>
<tr>
<td colspan="3">**Жалпы баға**<br>**Сабақтың жақсы өткен екі аспектісі (оқыту туралы да, оқу туралы дайындығыңыз?)**<br>1:<br>**Сабақты жақсартуға не ықпал ете алады (оқыту туралы да, оқу туралы да ойланыңыз?)**<br>1:<br><br>**Сабақ барысында сынып туралы немесе жекелеген оқушылардың жетістік/қиындықтары туралы нені білдім, келесі сабақтарда неге көңіл бөлу қажет?**</td>
</tr>
</table>

**ҚМ АА** Куәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі
© 2026 **Bilimger.kz Ақпараттық-танымдық білім порталы**. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.